



# MUNAILY MEKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ  
корпоративті басылымы

№ 7 (471)  
05/04/2018



Газет 2005 жылдың  
29 желтоқсанынан шыға бастады



## КӘСІБИ МЕРЕКЕ

### МҰНАЙ-ГАЗ ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУ ГЕОЛОГТАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Сәуірдің алғашқы жексенбісі – Геологтардың кәсіби мерекесі. Бұл орайда мұнайлы Маңғыстау өңіріндегі «Кендірлі» демалыс аймағында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобы геологтарының кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Жиынға «Өзенмұнайгаз», «Ембімұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамдары, «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорны, «Карповский Северный», «Урал Ойл энд Газ», «Су өндіру

және тасымалдау», «Қазақ газ өңдеу зауыты», «Өзенмұнайсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің геолог-мамандары қатысып, жердің қыртысы және ішкі қабаттары, олардың құрамы, құрылысы, қозғалысы, даму тарихы, орналасу заңдылықтары туралы баяндамалары мен слайдтарын ұсынып, қызу талқылады. Олар өздерінің алдында кенорындарды өңдеу, байыту сияқты күрделі міндеттер тұрғандығына тоқталып өтті. Жиынға гео-

логия саласының дамуына, жоғары деңгейге көтерілуіне тер төккен ардагер-геологтар да қатысып, өздерінің бай тәжірибелерімен бөлісті.

Кеңестік кезеңде геолог десе, көз алдымызға балға мен жолдорба ұстаған мамандар елестейтін. Қазіргі геологтар заманауи компьютерлік және ғарыштық технологиялармен жабдықталған кәсіп иесі. Жиында сөз алған «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өндіріс және кенорындарды игеру жөніндегі басқарушы директор Қуанышбай Нұрғалиев сала мамандарына арналған «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиевтің арнайы құттықтау тілегін жеткізді.

4-бетте >>

### Бүгінгі санда:



3

Жаңа кешендер пайдалануға берілді



7

Бағалы кеніш Балғымбаев



## МҰНАЙШЫНЫҢ ҚЫЗЫ — ҚАЗАҚСТАН АРУЫ!

гуманитарлық колледжінің студенті. Әкесі Асылбек Ешжанов – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Доссормұнайгаз» МГӨБ Ботақан кен орнында ұңғымаларды жер асты жөндеу бригадасының операторы. Асылбек Ешжановтың мұнай саласындағы еңбек өтілі 25 жыл. Анасы – үй шаруасында. Альфия отбасындағы үш баланың кенжесі, алдында бір апасы мен ағасы бар. Атыраулық студент қыздың Қазақстан аруы атануы бүкіл Атырау халқы, соның ішінде ембілік мұнайшылар қауымы үшін де үлкен қуаныш. Құттықтаймыз!

Газетіміздің оқырмандарына түсінікті болу үшін айта кетелік, «Қазақстан аруы» байқауында бақ сынау үшін Астанадағы финалдық кезеңге еліміздің түкпір-түкпірінен 30 бойжеткен жиналды. Байқау барысында қазылар алқасы финалға шығатын тек 5

аруды іріктеді. Олардың арасында Динара Баймұратова (Семей, 17 жаста), Сабина Әзімбаева (Алматы, 18 жаста), Маймуна Күлкешева (Астана, 19 жаста), Альфия Ерсайын (Атырау, 16 жаста), Екатерина Дворецкая (Қарағанды, 19 жаста) бар. Бұдан кейін еліміздің бірінші аруын дәстүрлі түрде Қазақстан халқы тікелей эфир арқылы өткізілетін онлайн және СМС дауыс беру арқылы таңдады. Нәтижесінде, басым дауыс жинаған бойжеткен «Қазақстан аруы-2018» байқауының жеңімпазы атанды. «Қазақстан аруы» байқауының жеңімпазы ақшалай жүлде алады, люкс брендтерімен көптеген жарнама келісімшарттар жасайды және «Әлем аруы 2018» сияқты беделді байқауда Қазақстан Республикасының намысын қорғау мүмкіндігіне ие болады.



6

Кітап – алтын қазына

Биылғы наурыз айында өткен «Қазақстан аруы-2018» атағын атыраулық 16 жасар Альфия Ерсайын жеңіп алды. Ол бүгінде Атырау



# «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ЖАС МАМАНДАРҒА ТЫҢ МҮМКІНДІК ЖАСАЙДЫ

**«Самұрық-Қазына» АҚ басшылығы «Жас өркен» тағылымдамалық бағдарламасына өтінімдер қабылдау мерзімін ұзарту жайлы шешім қабылдады. Осылайша, биылғы жылдың 15 сәуіріне дейін 2016, 2017 және 2018 жылдары жергілікті және шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген барлық қазақстандықтар құжат тапсыра алады. Байқау талаптарынан сүрінбей өткен ынталы жастар Қор компаниялары тобы бойынша 20 ай көлемінде төленетін еңбек өтілін жинау мен көшбасшылық қасиеттерін жетілдірудің бірегей мүмкіндігін иеленеді.**

«Жас өркен» бағдарламасына қатысушы жастармен кездесу барысында «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директоры сэр Ричард

Эванс атап өткендей, жас мамандарға іс жүзінде шынайы тәжірибе жинаудың тамаша мүмкіндігі туып отыр.

«Әлемдік компаниялардың табысының сыры сонда, қаржылық жағдайы мен озық құрал-жабдығында емес, ең алдымен адами құндылыққа ерекше назар аударатынында. Қазақстанда да кадрларға инвестиция құюда аянып қалмай, оларды үнемі дамытып отырғанымыз жөн. Біздің бағдарламада бағын сынаушы оқу орындары түлектері де осы үдеріске қызу атсалысуы тиіс. Әрине, олар бірден басшы болып кетпейтін шығар, бірақ мол тәжірибе жинайтындары анық. Алдағы уақытта жұмыс берушілер кәсіби қызметкерлер іздеген кезде, «Жас өркен» бағдарламасында өрісін ұзартқан үздік мамандар көмекке келеді», – деп нұсқады сэр Ричард Эванс.

«Самұрық-Қазына» корпоративтік университетінің директоры Гүлмира Райысова тағылымдама белестерін толық бағындырған «Жас өркен» бағдарламасына қатысушылар жұмысқа орналастырылатынын айтты.

«Биыл бағдарламаның жаңа толқынына өтінім қабылдау басталатынын жарияладық. Осы орайда, Қор басшылығы, үміткерлерден өтінім қабылдау мерзімін 2018 жылдың 15 сәуіріне дейін ұзарту жайлы шешім қабылдады. Сонымен қатар, ағымдағы жылы бағдарламаға қатыса алатын жоғары оқу орындары түлектерінің ауқымы 2016 жылдан бастап 3 жылға кеңейтілді. Жобаның тағы бір ерекшелігі, тағылымдамадан өтушілердің барлығына тәлімгерлер тағайындалған. Бәріне бірдей әрі әділ жағдай жасалған. Үміткер тұлға Қазақстан азаматы, ЖОО түлегі болса жеткілікті. Тіл білмеу жағы шектеу емес. Қажетті дағдыларды үйретуге болады. Байқауға тіркелу мен іріктеу онлайн жүреді. Бағдарлама қатысушыларының бойына Қордың алып ұжымындағы құндылықтарды сіңіргіміз келеді. Астана мен Алматыдан бөлек, өңірлерде тағылымдамадан өтушілерге жұмыс ақысы, жол және тұру шығындары төленеді. Компаниялардың басым бөлігі қазірдің өзінде жас мамандарды жұмысқа алуға әзір, бірақ біз олардың бағдарлама кезеңдерін түгел еңсеріп шығуын көздеп отырмыз», – деді Гүлмира Райысова.



## ЕМБІДЕ КӨШПЕЛІ МӘЖІЛІС ӨТТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ мәжіліс залында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-на қарасты батыс өңірдегі еншілес кәсіпорындардың қатысуымен көшпелі мәжіліс өтті. Мақсаты – сатып алу мен жабдықтармен қамту бағытындағы жаңалықтармен таныстыру, сонымен қатар

сатып алу рәсіміне қатысты, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алу, жұмыс және қызмет көрсету Ережесі бойынша жаңа ұсыныстарды талқылау.

Жиынға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ сатып алу және жабдықтау бойынша вице-президенті Р.Дүйсебаев, сатып алуды дамыту және реттеу департаментінің директоры Б.Исаев, оның орынбасары Е.Елшібеков, категориялық стратегияны игеру департаменті өкілі Д.Нұрмұханова қатысты.

«Бүгін біз сатып алу және жабдықтармен қамту бойынша жаңашылдықтармен таныстыру, сонымен қатар ЕТҰ-дан сатып алу рәсіміне қатысты, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алу, жұмыс және қызмет көрсету Ережесі бойынша да жаңа ұсыныстарды талқылау үшін жиналып отырмыз. Сіздердің сұрақтарыңыз болса, осы жерде талқылауға әзірміз, ал егер терең зерттеуді қажет ететін мәселелер болса, өзімізбен бірге үй тапсырмасы ретінде алып кетіп, кейін жауап береміз», – деді Ренат Дүйсебаев.

Жиын барысында кәсіпорындардағы сатып алу рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету, тиімділігін арттыру, жеткізіп берушілердің жұмысын дамыту; электронды сатып алудың Ақпараттық жүйесін дамыту, сатып алу Ережесіне өзгерістер енгізу; сатып алу-ды категориялық басқаруды қолданудың тәжірибелері, нәтижелері т.б. мәселелер қаралды.



## «КӨКТЕМ-2018» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

Жыл сайын әлем қауымдастығы азаматтық қорғаныс күнін атап өтеді. Соған орай «Ембімұнайгаз» АҚ-да жиын өтіп, азаматтық қорғаныстың мән-мағынасы аңгіме арқауы болды. Сонымен қатар Компанияның жедел әрекет ету отряды «Көктем-2018» республикалық командалық-штабтық «Басқару органдары мен азаматтық қорғаныс

мемлекеттік жүйесі күштерінің көктемгі су тасқынына қарсы төтенше жағдай кезіндегі әрекеттерге дайындық» тақырыбында өткен оқу-жаттығуына қатысты. Оған компаниядан 12 адам және 4 арнайы техника қатысты.

*Ирина Цой,  
Басқару аппараты жанындағы  
азаматтық қорғаныс маманы*



## ЖАҢА КЕШЕНДЕР

### ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ, №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында 350 орындық Әкімшілік-тұрмыстық кешен пайдалануға берілді.

Ғимараттың салтанатты ашылу рәсіміне «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов, «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысты.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы жыл сайын мұнайшылар игілігі үшін өндірістік және әлеуметтік нысандарды салып, пайдалануға беріп келеді. 2009 жылдан бері мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағдарламасы аясында көптеген тұрмыстық-

шаруашылық кешендер, асханалар, модульдік операторлық ғимараттар іске қосылды. Бұл жұмыстар әрі қарай да жалғасын табады», – деді Б.Абайылданов.

Рәсімде мердігер ұйым «Фирма Лан» ЖШС директоры Саламат Юнусов №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының директоры Наурыз Рахметовке нысанның символикалық кілтін табыстады. Ал, ғимараттың лентасын «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов және №2 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасының ардагер-мұнайшысы Ондаған Алтанов қиды.



«Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №5 Шоғырланған сораптар станциясында жаңа тұрмыстық-шаруашылық кешен ашылып, мұнайшылар игілігіне берілді. Басқарма директоры Бекболат Нұрлыбаев пен Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Әділ Сүйебай әріптестерін құттықтады. «Бүгінгі күні компания жұмыскерлерінің әлеуметтік жағдайы адам танымастай өзгерді. Заманауи үлгіде салынған нысандарыңыз құтты болсын! Еңбек адамына қолайлы жағдай тудыру – біздің

тікелей міндетіміз екендігін жақсы түсінеміз. Бүгінгі күні басқарма бойынша тұрмыстық-шаруашылық кешен 100 пайызға жаңаланды. Бұл – үлкен көрсеткіш. Жаңа нысанды күтіп ұстайды деп сенім білдіремін» – деді №1 МГӨБ директоры Бекболат Нұрлыбаев. Жаңа нысанның лентасын басқарма директоры мен №5 ШСС шебері Үсен Таңатаров қиды. Мердігер компания өкілі Мұрат Нұрбайқосов №1 ҚҚСЦ бастығы Тілеуберген Нұржаубековке нысанның символикалық кілтін салтанатты түрде табыс етті.



## 40 ЖЫЛ ӨНДІРІСТЕ ТЕР ТӨККЕН ЖАН

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №2 Мұнай-газ өндіру басқармасындағы №34 топтық қондырғысында 40 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан оператор Күнсұлу Жанжігітова ұжымына өте сыйлы жан.

Бүгінде зейнеткерлік жасқа жақындаған ол «Өзенмұнайгаз» сияқты компанияда жұмыс жасап жүргеніме өзімді бақытты санаймын. Мен осыдан 40 жыл бұрынғы мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын есіме алсам, қазіргі жағдайымызға мың да бір шүкіршілік етемін. Өзімнің сүйікті компанияның дамуы жолында еткен еңбегім еленіп, Өзен кенорнының 50 жылдығына

орай төсбелгімен марапатталдым. Басшылық тарапынан еңбегім еленіп, салтанатты түрде марапатталу – адамға қанат бітіріп, қуаныш сыйлайды. Жұмысқа деген құлшынысыңды арттырады. Құдайға шүкір, қазіргі таңда немере сүйіп отырған бақытты әжемін. Қызым Балзия Әбитова да осы басқармада инженер болып жұмыс жасайды. Мен өмірімді еңбексіз елестете алмаймын. Еңбек адам өміріне мән береді», – дейді.

40 жыл бойы Өзен кенорнының гүлденуі жолында еңбек еткен Күнсұлу сияқты жандар өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Еңбек адамдарын құрметтеу – біздің парызымыз.





## «I-бемме»

«Құрметті әріптестер, кәсіби мереке құтты болсын. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, еңбектеріңізге жеміс тілеймін. Өткен жылы геологтар күнін қазақ мұнайының қара шаңырағы – «Ембімұнайгаз» салтанатты атап өттік. Міне, биыл дәстүрді жалғастырып, геологтар күнін «Өзенмұнайгаз» атап өтіп отырмыз.

Бір ғасырдан астам тарихы бар мұнайгаз секторы бүгінде стратегиялық саланың бірі. Соның ішінде мұнай қорын ұлғайту, жаңа кен көздерін табу, сонымен қатар еліміздегі ескі кенорындарды қайта жандандыру бағытындағы жұмыстар мұнайшы геологтарға үлкен сенім, жауапкершілік жүктейді.

Сіздер жерқойнауын барлау, мұнай-газ қорларын көбейту, жаңа кен орындарын игеру, өндіріс көлемін

арттыру сияқты жауапты міндеттерді абыройлы атқарып келе жатырсыздар. Сала мамандарына жүктелген жауапкершілік жүгі ауыр, салмақты.

Сіздер мамандыққа адалдық деген қағиданы берік ұстанып, бұл бағыттағы жұмыстарды табысты атқаруға күш салып келесіздер. Өнім көлемін ұлғайтудағы ізденістер, тиімді геологиялық техникалық шаралар, өндіріске енгізіліп жатқан жаңалықтар өз нәтижесін беріп отыр. Компания өндірістік қызметінде жеткен жетістігінде әрқайсыңыздың үлкен үлесіңіз бар. Сіздердің адал қызметтеріңіз үшін Бас директор Құрманғазы Орынғазыұлының атынан және өз атымнан зор алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да жоғары жетістіктерге жете беріңіздер», – деді Қ.Нұрғалиев.

Кәсіби мерекеге орай еңбегімен еленген мұнайшы геологтар Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталды.



## ГЕОЛОГТАР ӨЗ ОЙ-ПІКІРЛЕРІМЕН БӨЛІСЕДІ:



**Расберген Махмұдов,**  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Геология және кен орындарын игеру департаменті директорының орынбасары:

– Биылғы жылы кәсіби мерекеге байланысты «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамына қарасты мекемелердің геологтар қауымы Каспий теңізі жағасында орналасқан «Кендірлі» мекенінде бас қосып семинар өткізді. 2017 жылы орындалған жұмыс бағдарламасына талдау жасалып, қол жеткен жетістіктерді ортаға салып, алдағы болашақта жасалатын жоспарлар айқындалды. Мұнай-

газ саласында геолог мамандары көптеген бағыттарда қызмет атқарады. Олар мұнай-газ қорларын іздестіріп, барлаудан бастап мұнай мен газ кеніштерін игеру, өндіру процесінде мұнай-газ қорларын толықтыру және ең соңғы кезеңде мұнай-газ қорлары таусылған кезде кеніштерді жою жұмыстарына қатысады.

Мұнай-газ қорларын толықтыру геологтар үшін маңызды міндет. Осы көрсеткіште 2017 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ геологтары табысқа қол жеткізіп, Өзен-Қарамандыбас кеніштеріндегі мұнай қорын 6,8 млн. тоннаға өсірді. Бұл көрсеткіш бір жылдық мұнай өндіру көлемінен асып түсті. «Ембімұнайгаз» АҚ геологтары да айтарлықтай жақсы табыстарға жетті. Мұнай-газ қорларын толықтыру 2,9 млн. тоннадан асты. Бұл көрсеткіште «Ембімұнайгаз» АҚ үшін бір жылдық мұнай өндіру көлемінен асып түсті. «Кендірліде» өткен семинарда көптеген геологтар қол жеткізген табыстары үшін Алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Болашақта алда тұрған міндеттердің бірі – жүргізілген үш өлшемді сейсмикалық барлау жұмыстарының нәтижесінде Өзен-Қарамандыбас аймағында және Қаратон тұз асты құрылымында 6000 метр тереңдікке палеозой қабатына ұңғымалар бұрғылау жұмыстарын сәтті іске асыру және «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай-газ қорларын еселеп толықтыру.

Барлық әріптестеріме алдағы уақытта да жоғары жетістіктер тілеймін.



**Айнагүл Мұстажанова,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехінің геологы:

– «Өзенмұнайгаз» АҚ-да Геологтар күні жақсы өтті, ұйымдастыруы, қарсы алуы бәрі бізге ұнады. Өткен жылы «Ембімұнайгаз» өткенде олар Атырауға келген болатын. Жиын барысында геология саласындағы бүгінгі жетістіктер мен алдағы жоспарлар сөз болды. Марапатталғандар да көп болды, соның ішінде өзім де «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның Құрмет грамотасын иелендім. Әріптестеріммен өзара пікі алмасып, жер көріп, әрі марапат алып маркайып қайттық. Мереке құтты болсын!



**Жеңіс Бағытов,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен орнын игеру тобының өндірістік басқармасының геологы:

– Өзендегі геологтардың басқосуы жақсы өтті. Жер асты қойнауын барлап, мұнайды табатын геологтар. Сол бағытта алғыс, көп рахмет айтылды. Әсіресе, А.Сахиев, А.Өтесінов сынды еңбек ардагерлерінің «мұнайдың көп болуы геологтарға да байланысты. Көп оқып, көп ізденіндер, қазіргі талап басқа. Жаңа технологияларды өндіріске енгізу керек. Соған орай ізденуден талмаңыздар» деп айтқан өсиеттері көңілге қонымды. Сол бағытта еңбек етіп келеміз. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның Алғыс хатын алғаным мені де қанаттандырды. Геологтардың еңбегі әрдайым елене берсін!



Атырауда геологтар күні Қазақ геологиясының атасы Қаныш Сәтпаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қоядан басталды. Содан кейін Атырау мұнай және газ университетінде «Қазақстандық мұнайшы-геологтар қоғамының» ұйымдастыруымен Геологтар күніне орай жиын өтіп, оған ардагер-геологтар, бүгінгі күні жер қойнауын барлап жүрген геолог-мұнайшылар, студенттер қатысты. Жиынды Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамының төрағасы, геология-минера-

логия ғылымдарының докторы Балтабек Қуандықов жүргізіп отырды. Шараға қатысып, сөз алған облыс әкімі Н.Ноғайев геолог мамандығының қиындығы мен қызығын, жер қойнауын барлау арқылы мұнай көзін табудан өндіруге дейінгі аралықта олардың еңбегінің ерекшелігін атап өтті. «Келесі жылы Қазақстанда мұнай өндіріле бастағанына 120 жыл толады, осы атаулы күнге геологтар да айрықша жетістікпен келе жатыр», – деді ол. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қайрат Әділбеков Ембідегі

атқарылып жатқан геологиялық жұмыстар жөнінде қысқаша тоқталып өтті. – Жалпы, еліміздегі геологиялық-барлау жұмыстары туралы айтқанда, ембілік геологтардың Өзен, Теңіз сынды көмірсутегі шикізаты кен орындарын ашу ісінің қайнар бастауында болғанын айтып өткен жөн. Біздің ардагер-геологтарымыз Ботақан, Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Досмұхамбетов, Ақінген, Аққұдық, Ақтөбе, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Уаз, т.б. басқа көптеген кен орындарын ашқанын білеміз.

Сол ардақты геологтардың бүгінгі ұрпағы геология саласының әлеуетін арттыру жұмысын жалғастырып келеді. Мәселен, соңғы жылдары геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде С.Нұржанов, Шығыс Мақат, Батыс Прорва, Аққұдық, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Жаңаталап кен орындарының мұнай беру алаңын кеңейту жұмыстары жүргізілді, – деді ол.

Компания алдында мұнай қорын кеңейту мәселесін шешіп, жаңа кен орындарын ашу міндеті тұр. Ол міндетті шешу үшін, болашағы бар деп болжанып отырған Тайсойған және Қаратон-Сарқамыс блоктарында белсенді іздеу-барлау жұмыстары жүргізілуде. Компания мамандары болашағы бар тұзасты горизонттарына геологиялық барлау жұмыстарын жоспарлау үшін мәліметтерді талдау жасаумен айналысуда. ЗД сейсморбарлау жұмыстарының нәтижесінде Қаратон тұз асты құрылымы анықталды. Қ.Әділбековтың айтуынша, алда 6 мың метр тереңдікке бұрғы салу жоспары бар, ол биылғы жылдың желтоқсан айына жоспарланып отыр.

Әрине, мереке марапатсыз өтпейтіні белгілі. Қазақстан Республикасының геология саласын дамытуға үлесін қосқаны және ерен еңбектері үшін «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының құрметті барлаушысы» атағымен «Ембімұнайгаз» зейнеткері Күләш Жұмағалиева, «Қазақстан Республикасы Жер қойнауының үздік барлаушысы» атағымен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басшысының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Рүстем Әбшеев, құнды сыйлықпен «Ембімұнайгаз» АҚ Геологиялық барлау жұмыстары департаментінің сейсмикалық барлау бөлімі бастығы Сағида Жұмағалиева марапатталды.

## МАРАПАТ ТӨРІНДЕ – ГЕОЛОГТАР

Ақтау қаласында Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамының ұйымдастыруымен және Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжановтың қатысуымен өлкенің мұнай-газ саласы геологтарына арналған салтанатты шара өтті. Жиынға компаниялардың ардагер-геологтарынан бастап жас мамандарына дейін қатысты. Кәсіби мерекеге орай геологтарға ерекше құрмет көрсетілді. Соның ішінде Қазақстан Республикасы мұнай және газ өнеркәсібі саласында жүргізген геологиялық ізденістері мен еліміздің геологиясына сіңірген ерен еңбегі үшін Қазақстандық мұнайшы-геологтар қоғамының 2017 жылғы «Қазақстанның үздік-геологы белгісімен» бірқатар қызметкер марапатталды. «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының геология және кен игеру жөніндегі орынбасары Шолпан Пангереева Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісіне ие болды. «Өзенмұнайгаз» АҚ геологтары Бақтыгүл

Ысқақова «KAZENERGY» қауымдастығының төсбелгісімен, Әлия Жолдасова, Айсүлу Өскімбаевалар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасымен, ал, Рая Анкешова, Ғалия Дербезова, Талшын Қазғалиева, Жадыра Шырақбаева, Гүлбаршын Жалғасовалар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, қажырлы еңбек иелері Маңғыстау облысы әкімінің «Алғыс хатын» иеленді. Ардагер-геолог Аманжан Өтесінов: «Адамды емдейтін дәрігер болса, скважинаны «емдейтін» – геолог. Сол қызметімізді қаншама жыл абыроймен атқардық. Қара жер қойнауын игеруге өзге мамандықтар қаншалықты керек болса, геологиялық жұмыстар да соншалықты қажет. Барлық әріптестерімді, ізбасарларымды кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Еңбектеріне табыс тілеймін», – деді. Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Өнерпаздар мереке иелеріне ән мен жырдан шашу шашты.



**Шолпан Пангереева,**  
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының геология және кен игеру жөніндегі орынбасары:  
– Ақтау қаласында Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамының ұйымдастыруымен геологтар күніне орай салтанатты шара өтіп, сала мамандарына құрмет көрсетілді. Аталған Қоғам 2017 жылдың қорытындысы бойынша мені «Қазақстанның үздік-геологы белгісімен» марапаттады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісін салтанатты жағдайда табыстады.

Бірден екі өте жоғары марапатқа ие болу – мен үшін күтпеген жағдай болды. Қуанышымда шек жоқ! Еңбектің бағаланғаны жұмысыңның жемісі деп білемін. Меніңше, бұл «Өзенмұнайгаз» АҚ барлық геологтарының тер төгіп, ерен еңбегінің арқасында келген ортақ жетістік. Сондай-ақ, «Кендірліде» ҚМГ БӨ компаниялар тобы геологтарының кәсіби мерекеге орай салтанатты жиыны өтті. Осындай шараны дәстүрлі өткізуді ұйымдастыруды ұсынған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның Басқарма төрағасы Құрманғазы Есқазиевке және ҚМГ БӨ Өндіріс және кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директоры Қуанышбай Нұрғалиевке алғысымды айтқым келеді. Қазақстан Республикасының барлық геологтар қауымын кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларына береке, жұмыстарына жетістіктер тілеймін! Алдағы уақытта да мемлекетіміздің игілігі жолында тынбай еңбек етемін. Алғысым шексіз!



**Күләш Рахатова,**  
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, геология және кен игеру департаменті директоры:  
– Мерекемізге Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжановтың өзі қатысып, біздерді құттықтады. «Жақсы сөзге жан семіреді» – дейді қазақ. Жақсы сөз бен марапат адамның мерейін өсіріп қана қоймай, жұмысыңа деген сүйіспеншілігіңді оятып, компанияға деген мақтанышыңды тудырады. Әріптестерімізбен кездесіп, өзара пікір алмастық. Осындай шаралар жиі өткізіліп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді. Кездесу-мамандардың біліктілігін шыңдайды, жетілдіреді, өсіреді.



# БАУЫРЖАН БАЛЖАНОВ: «ЕМБИМҰНАЙГАЗ» АҚ ТОП-МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ МІНДЕТІ – БИЗНЕС-МІНДЕТТЕРДІҢ ТИІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ЖӘНЕ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР КӘСІПОРЫННЫҢ ӨРКЕНДЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ!

**Барлық бөлімшелердің, соның ішінде кәсіпорынның коммерциялық қызметіне жауап беретін сектордың тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі мұнай-газ компаниясы өркендеуінің бір шарты болып табылады. Отандық мұнай кәсіпорнының бесігі болып табылатын «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – ЕМГ немесе Компания) бизнесті дамыту блогы маңызды міндеттердің бірқатар кешенін шешеді. Мұнай мен газды сату, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу, келешекте даму бойынша жобаларды енгізу, өндірістің материалдық-техникалық жабдықталу тиімділігін арттыру бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы және басқа да көптеген мәселелер жайлы ЕМГ Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Бауыржан Құспанұлы БАЛЖАНОВПЕН болған сұхбатта сөз болды.**

– Бауыржан Құспанұлы, мұнай мен газды сату Сіздің бөлімшеңіз үшін басты мәселенің бірі болып табылады. Компания өндіретін өнім қандай бағыттарда және көлемде сатылады?

– Біздің өнім ішкі нарыққа да, экспортқа да сатылады. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ережелеріне сәйкес, бірінші кезекте мұнай отандық Павлодар және Атырау мұнай-газ өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Экспортқа байланысты айтатын болсақ, бізде негізгі екі бағыт бар: Каспий Құбыр желісі консорциумы (КҚЖК) және Өзен-Атырау-Самара (ӨАС) құбыр желілері арқылы Ресейдегі Новоросийск теңіз портына дейін. 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ шамамен 2,8 млн.тн. мұнай сатты, бұл ретте ӨАС бағытына сатылған көлемі шамамен 1,5 млн.тн. (54,6%), КҚЖК бағыты бойынша 0,8 млн.тн. (28,3%), ішкі нарыққа 0,5 млн.тн. (17,1%) мұнайды құрады. ЕМГ өндіретін газ Қазақстан Республикасының ішкі нарығында ғана сатылады. С.Балғымбаев, Шығыс Мақат және Прорва кен орындарында орналасқан газ дайындайтын үш қондырғыда Атырау облысының Исатай, Қызылқоға және Мақат аудандары тұрғындарының табиғи газға деген сұраныстарын қамтамасыз ететін тауарлық газ дайындалады, сонымен қатар, «Орта Азия - Орталық» магистралдық газ құбырына бағытталады.

– Өнімді өткізуден басқа сіз мұнай компаниясының өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу үдерістеріне жетекшілік етесіз. ЕМГ-да ТЖК-ны сатып алудың жылдық көлемі мен Компаниядағы жергілікті қамтудың үлесі қандай?

– «Ембімұнайгаз» «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Самұрық-Қазына) компаниялар тобына кіретін ұйым болып табылады. Сондықтан, сатып алулар Самұрық-Қазына және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан артық пайызы тікелей немесе жанама түрде меншік не сенімгерлікпен

басқару құқығында Самұрық-Қазынаға тиесілі ұйымдардың ТЖК сатып алу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алу рәсімдері <http://tender.sk.kz/> мекенжайы бойынша Самұрық-Қазына электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінде (ЭСАЖ) өткізіледі.

2017 жылдың қорытындысы бойынша ЕМГ сатып алуларының жылдық жоспарына сәйкес тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің көлемі 82 млрд. теңгеден артық болды. Сонымен бірге, Компания мақсатты түрде жергілікті қамтудың жоғары пайызын сақтайды. Осылайша, 2017 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның сатып алуларында қазақстандық тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің үлесі 77 %-ды құрады.

Сондай-ақ, әлемнің кез келген нүктесіндегі жеткізушілер ЕМГ сатып алуларына қатыса алады. Қазіргі уақытта 400-ден астам компания «Ембімұнайгаз» АҚ серіктестері болып табылады.

– Сіз, сонымен бірге, перспективалық даму блогына жетекшілік етесіз, оның қызметі аясында соңғы жылдары ЕМГ-да бірқатар қызықты және нәтижелі жоба жүзеге асырылды. Олар туралы да айтып берсеңіз?

– Рас, өндірістік қызметтің шығынын азайтуға және тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа жобалар перспективалық даму аясында пилоттық режимде бірнеше жыл бойы Ембіде сәтті енгізілуде. Солардың негізгілеріне тоқталып өтсем.

Барлығы білетіндей, мұнай өндірісінің тиімді қызметі бірқатар факторға байланысты. Соның ішінде уақытылы жеткізулерге және кәсіпорын қоймаларында мұнай кәсіпшілігі жабдықтары мен жабдықтардың басқа түрлерінің болуына байланысты. Бұған қоса, мұнай компаниясы үшін қоймаларда тауарлық-материалдық құндылықтардың (бұдан әрі – ТМҚ) қажетті мөлшерін қамтамасыз ету және қоймаларда өтімсіз ТМҚ тауарбастылығына жол бермеу бірдей маңызды болып табылады. Осы екі міндетті шешу үшін мұнай компаниясында қорлардың мөлшері туралы нақты ақпарат және әр ТМҚ түрінің сапалық сипаттамаларының нақты сипаты болуы тиіс.

Материалдық-техникалық қамту барысын оңтайландыру жобасы аясында барлық үдерістердің талдауы жүргізілді, «тар және проблемалық орындар» анықталды және жойылды. Бірнеше жыл бойы ЕМГ басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің үлкен тобы қателерді, дәлсіздіктер мен қайталанатын жазбаларды жойды, жетіспейтін ақпаратты толықтырды және ТМҚ әр түрін үлгітүрдің бірыңғай пішіміне келтірді. Барлығы 1 мыңнан артық үлгітүр әзірленді және шамамен 4 мың ТМҚ жазбасы бірыңғайландырылды.

Нәтижесінде, төмендегі міндеттер шешілді: ЕМГ қоймаларындағы қорларға қатысты кез келген ақпарат шынайы уақыт режимінде қолжетімді және анық болды; қателердің саны азайды; қорлардың айналымдылығы жақсарды. Осылайша, қоймалардың тауарбастылығымен қатар, үдеріс иесінің жеке жауапкершілігі мәселелері шешілді.

Екіншіден, ЕМГ өндірістік құрылымдық бөлімшесі «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы базасында пилоттық режимде енгізілген көлікпен қамтамасыз етуді оңтайландыру жобасы өндірістік пайдалануға берілген болатын. Қазіргі уақытта барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде пилоттық жобаны жүзеге асыру тәжірибесін ескере отырып, автопарккі жаңарту жүргізілуде, көлік құралдарын бақылаудың GPS жүйесі енгізілді, жоғары жабдықтың отын шығыны датчиктерін орнату жоспарлануда, ұзақ мерзімді өндірістік бағдарлама әзірленді, цехтар бойынша көлік шығындарын жоспарлау мен бөлу жүйесі енгізілді, ЖЖМ шығыны нормаларына түзетулер енгізілді, көлікпен қамтамасыз ету үдерісін орталықтандырылған басқару жасалды және ЖЖМ азайту, ПӘК енгізу мен мониторингі арқылы көлікпен қамтамасыз етудің тиімділігін арттырған нормативтік-әдістемелік және регламенттік құжаттар әзірленді.

Келесі жоба – техникалық қамту және жабдықтарды жөндеу (бұдан әрі – ТҚЖЖ), ол да пилоттық режимде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ енгізілді. Осы жоба аясында біз жабдықты пайдаланудың жөндеуаралық кезеңі мен

коэффициентінің ұлғаюын, ал жоспарланбаған жұмыстар үлесінің азаюын күтеміз. Қазіргі уақыттағы енгізу кезеңінің өзінде төмендегі бағыттар бойынша жақсаруларды көріп отырмыз: ТҚЖЖ үдерістерін орындау тиімділігінің артуы; Қоғамның басшылығы мен қызметкерлерін жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу үдерістерінің орындалуы бойынша шұғыл ақпаратпен қамтамасыз ету; ТҚЖЖ жұмыстарын жоспарлауға және орындауға қатысатын қызметтер мен орындаушылардың өзара әрекеттестік деңгейін арттыру.

– ЕМГ-да барлық бизнес-үдерістерді оңтайландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Сол туралы толығырақ айтып берсеңіз?

– Иә, қазіргі уақытта бұл жұмысты перспективалық даму блогы жүргізеді. Біздің ойымызша, Компания аясындағы әр құрылым (мұнай-газ өндіру басқармасы/департамент/қызмет) белгілі үдерістік моделді ұстануы тиіс. Яғни, әр құрылымдық бөлімше өзінің қандай бизнес-үдерістің иесі екенін, өз бизнес-үдерісін орындау барысында кіммен өзара әрекеттесуін, қандай өнімді (бұл ақпарат немесе қызмет болуы мүмкін) шығаратынын, оны кім үшін істейтінін және осы өнімнің немесе қызметтің сапасы қандай болуы керектігін түсінуі тиіс. Мұнай өндірісінде барлығы өзара байланысты. Өндірістің бір бөлігінің қатесі мұнайды өндіру бойынша жоспарды бұзуы мүмкін. Сондықтан «әлсіз» бөліктерді анықтап, барлық тізбек тиімді жұмыс істеу үшін оларды нығайту қажет!

– Бизнес-үдерістерді жүйелеумен жұмыс істеу барысында қандай проблемалар кездесті?

– Жаңа үдерісті енгізудегі немесе қолда бар үдерісті өзгертудегі ең қиын міндет – адамдарға оның не үшін істелетінін және неге әкелетінін түсіндіру. Барлығымызға жаңа үдерістерге үйрену қиын әрі қорқынышты, өйткені, үйреншіктілері айтарлықтай түсінікті және жайлы. Ал жаңа үдерістер тәуекелге толы болып көрінеді, оларға үйрену керек, бір нәрсені қосымша меңгеру қажет, яғни, «жайлылық аймағынан» шығу керек болады. Келешекте даму бойынша жоғарыда аталған жобаларды енгізу барысында осы мәселелердің барлығын кездестірдік. Бірақ, біз осы жобалардың мақсаттарын түсіндіру бойынша көп жұмыс жүргіземіз және біздің Ембінің үлкен әрі тату ұжымының қызметкерлерінен түсіністік табымыз. Өйткені, қазіргі уақытта Компанияның топ-менеджменті басшылыққа алатын басты міндет – акционерлер қойған бизнес-міндеттердің тиімді жүзеге асырылуын және ғасырлық тарихы бар кәсіпорын ұжымының бұдан әрі өркендеуін қамтамасыз ету!

## КЕНІШ ТАРИХЫ

Еділ мен Жайық аралығындағы алқаптан мұнай іздеу бағытындағы геологиялық барлау жұмыстары 1957 жылдан бастау алады. Сол кезде «бұл жұмыстан нәтиже шыға қоймас» деген сенімсіздік те болған. Бірақ, 1962 жылы Мартыши алаңының мұнайлы қабаттарына жүргізілген өндірістік сынақ жұмыстары кезінде №1 ұңғымадан мұнай бұрқағы атқылайды. Ұңғыма тәулігіне 117 текше метр таза мұнай берген. Осылайша экспедиция жұмысы нәтижелі аяқталған. Бұрғылау жұмыстары қыза түсіп, 1963-1967 жылдар аралығында Мартыши кен орнынан мұнай қоры анықталып, оның технологиялық құрамдары жасақталады. 1968 жылдың қаңтар айында №№11, 17, 27, 28, 30 ұңғымаларды іске қосу арқылы Мартыши кен орны тұрақты өндірістік пайдалануға берілді. Сол жылдың 16 қаңтарында мұнай қазандарына 800 тонна алғашқы мұнай жиналды. Ал 17 қаңтарда мұнай құюшы эстакадаға бірінші эшелон құйылған. Цистерналарды мұнаймен толтыру операторлар Т.Маркулин, А.Ғалиев, Ш.Нұрмахановтарға жүктелген. Жыл ішінде Мартыши кен алаңынан 1 343 000 тонна мұнай өндіріліп, ел игілігіне табысталған. Осылайша қос өзен аралығында экономикалық жаңа сапалы мұнай өнеркәсібі дүниеге келген. Оның келешегін болжай отырып, 1973 жылы Жайық мұнайгаз өндіру басқармасы құрылды. Ал 2000-шы жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен Мартыши кен алаңына елімізге еңбегі сіңген геолог-мұнайшы Салтанат Балғымбаевтың есімі беріліп, ескерткіш тақта ашылған.

## МҰНАЙ ӨНДІРУ ЦЕХЫ

Аталған кеніштен елу жылға жуық уақыт бойына мұнай өндіріліп келеді. Бүгінде мұнда мұнайгаз дайындау және айдау, мұнай өндіру, цехтары мен өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесі жұмыс істейді. Айта кетерлігі, «Үздік маман» сайысы да жыл сайын осында арнайы жасақталған оқу полигонында өтеді. С.Балғымбаев мұнай өндіру цехының бастығы Нұржау Габдуллиннің айтуынша, кеніштегі жүзден аса ұңғымадан өндірілген мұнай межелеген жоспарды



# БАҒАЛЫ КЕНІШ БАЛҒЫМБАЕВ

орындауға мүмкіндік беріп отыр. Кеніште орнатылған Топтық өлшеу қондырғысы мұнайдың есебін шығарып отырады. 20 су айдау ұңғысы, 4 су өндіру ұңғысы бар. Мұнай өндіру ұңғымаларының жартысынан астамы желілік штангалық жетекті ұңғыма. Бұлардың тиімділігі сол, электр энергиясын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Айына 10-15 ұңғыма жай жөндеуден өтіп отырады, бұл жөндеуаралық жұмыстардың аралық кезеңі ұзарғанын білдіреді. Жалпы, мұнай өндіру

процесі автоматтандырылғандықтан, мониторинг бүкіл жұмыс көрініп отырады. Кеніште қатарға қосылып жатқан жаңа ұңғымалар да бар, мәселен, 2015 жылы – 3 және 2016 жылы бұрғылаудан шыққан жаңа 3 ұңғыма іске қосылды.

## МҰНАЙ ДАЙЫНДАУ ЦЕХЫ

Кеніштегі мұнайгаз дайындау және айдау цехының басшысы Талғат Кизатов мұнайды су мен газдан айыртқаннан кейін, «ҚазТрансОйл» мекемесіне құбырмен айдалатынын айтады. Су қабат қысымын сақтау үшін, ал газ өндірісілік қажеттіліктерге, мәселен, май қыздыру пештеріне, басқа да мақсаттарға пайдаланылады. Мұнай құрамы арнайы лабораторияда анықталып, зерттеледі. Мұндай зертхана Оңтүстік Батыс Қамысты мен Забурн кеніштерінде де бар. Забурн, Жаңаталап, Оңтүстік Батыс Қамысты, Оңтүстік Шығыс Қамысты, Гран кеніштері мұнай С.Балғымбаев мұнайгаз дайындау және айдау цехында өңделіп, мұнай жинау орталығына жіберіледі. Цехта жүзден аса адам еңбек етеді, олар негізінен оператор, тұзсыздандыру, сусыздандыру операторлары, зертханашы, машинист, жөндеуші, дәнекерлеуші, басқару пультінің операторы сынды мамандар жұмыс істейді. Солардың ішінде лаборант Балия Райымбергенова, тауарлы операторлар Серік Құрманбаев, Қобыланды Мұхамбетов сынды еңбегімен көпке үлгі майталман мұнайшылар бар.



## ЖӨНДЕУ ЦЕХЫ

С.Балғымбаев кен орнындағы Өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесі өндіріске қажетті бүкіл құрал-саймандарды жөндейтін орын. Бірнеше станоктар орнатылған цехтың қуаттылығы мен мұнда жасалатын жұмыс көлемі аса ауқымды. Аталған учаске өндіріске қажетті алып техникалармен қатар, ұсақ-түйек, бірақ онсыз өндіріс алға жүре алмайтын құрал-саймандардың барлығы осында жөнделеді. Мамандар істен шыққан тетіктерді жөндеп, ине-жіптен жаңа шыққандай су жаңа етіп шығарады. Мәселен, станок-ырғалғыштың редукторы жер астынан шыққан суды, майды айдау не сору үшін қажетті сайман. Ол бұзылса, сорап та, станок та жұмыс істемейді. Міне, осы редуктор цехта жөнделеді. Немесе, өндірістік сораптар, агрегаттар, ырғалғыштың подшипниктері де солай. Өндіріс бір мезет те тоқтамауы үшін шеберханадағы жұмыс та мигірсіз жүріп жатады. Шеберханада әмбебап теміржону станогы, тұрба кесу, сүргілеу-қайрау, қашағыш, гидравликалық-фрезерлік, тігінен және көлденеңнен бұрғылау, темір қысу станоктары, темір кесу арасы, тескіш балға станоктары, 3,2 тоннаға дейінгі салмақта жүк көтеру таль-краны, дәнекерлеу аппараттары да бар. Аталған қондырғы-станоктардың барлығы да су жаңа, болгарлық жабдықтар. Мұнда дамылдап отыруға уақыт та, мүмкіндік те жоқ. «Бүкіл басқарма бойынша қажетті барлық құрал-саймандар осында жасалып, жөнделеді, – дейді бізді жұмыс барысымен таныстырған учаске бастығы Аманқос Мәлік. – Өзіңіз көріп отырғандай, жаңа станоктар қойылғаннан бері мұнда жұмыс қазандай қайнап жатады. Әйтпесе болмайды, бүкіл басқарма бойынша алынған тапсырысты мерзімінде орындау қажет. Онсыз өндіріске тежеу болады. Біздің мақсатымыз да сол, ұңғымалардың дұрыс жұмыс жасап, мұнай өндіру көлеміне нұқсан келмеуі».

Станоктардың барлығы қалыпты жұмыс жасап тұр, әрқайсысының өз маманы, білгірі бар. Сондықтан тапсырыс уақытында орындалып жатыр. Шеберхана ішінде шаң-шұң дыбыс, бір жерде темірді кесіп жатса, бір жерде тесіп жатыр, енді біреуі темірді жону қамында. Темір жонушы, газ слесарі, ұста, жөндеу слесарі, шеберлер, т.б., бәрі де еңбек қазанында қайнап, піскен өз ісінің майталман шеберлері. Солардың ішінде темір жонушы Қ.Жалелов, дәнекерлеуші Қ.Рахметов, слесарь Қ.Шартиковты атап өтуге болады.





# КІТАП — АЛТЫН ҚАЗЫНА

«Кітап-ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» – дейді Әлішер Науаи. Расында да, тірлікте мәңгі жойылмайтындардың бірі – кітап, оны құртып жіберетіндей күш жоқ. Кітап – адам өмірінің таусылмас қазынасы мен дүниенің айнасы, ғылым-білімнің көзі, өнер мен тәрбиенің құралы, өмір күресінің ең мықты қаруы болатын ақылшы досың.

Хақим Абайдың өзі «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» демейтін бе еді?! «Оқымаң ой тоқырайды» деген нақыл кітап оқымағанның ойы таяз, санасы төмен, өмірі қараңғы болатынын дәлелдейді.

Сонымен, алтын қазынаға теңеп отырған кітаптың адам баласына тигізетін қандай пайдасы бар деген сұрақ төңірегінде жауап іздеп көрейік. Адам кітап оқудан ешқашан жалықпайды. Кітап оқыған адамның миы қозғалысқа түседі. Адам кітапты қаншалықты көп оқыса, соншалықты шығармашылық ойлау қабілеті артады. Яғни, оқырманның жаңаша ойлай алатын,

тың дүниелерді өз бетінше жасай алатын шығармашылық өрісі ашылады. Жаттанды ойлардан, сылдыр сөздерден, жасанды шаблондардан өз еркімен арылып, дүниенің сыр-на қанығып, ғаламды кеңінен шарлауға мүмкіндік алады. Кітап адамның жүрек көзін ашып, сол көзбен мына әлемге қарауға үйретеді.

Көптеген ата-аналар балаларын киіндіріп, ішіндіріп, күнделікті қажетін өтесек болды деп түсінеді. Баланы кітапқа кішкентайынан баулу керек. Кітап – баланың ой-өрісін дамыта отырып, ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және дамытушылық қызметін анықтайды. Үнемі кітап оқитын баланың сөздік қоры көбейіп, ойлау қабілеті артып, өз пікірін еркін жеткізе алады. Баланың логикалық ойлау қабілеті жетіледі. Бүгінгі күні мамандар кітап оқудың тән саулығына да керемет пайдалы екендігін дәлелдеп отыр. Рухани қызығушылығы жоқ адам-бақытсыз адам.



Бақшаға бағбан қалай керек болса, адамға кітап та сондай керек. Психолог-мамандар кітап оқу – стресті азайтатын ең тиімді әдіс екендігін айтады. Кітап-жүйкені тыныштандырады.

Шекспир «Кітап маған тақтан да қымбат» – деп жазыпты. «Қазір кітаптың заманы емес» деген кейбір замандастарымның пікіріне түбегейлі қарсымын. Біз кітап ұстаған халықпыз. Көркем әдебиет-пендені

қателіктерден сақтандырып, мейірімге жетелейді. Негізгі күш ақшада, дүниеде емес, білімде, кітапта екенін түсінетін уақыт жетті.

Мен көркем әдебиет оқымай кетсем, «тынысым» тарыла бастайды. Мен үшін, кітапсыз өткен бір күн-орны толмай бос кеткен күн!

*Сарша Сүгірәлі, «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері*

## ОЙ ТҮРТКІ

# БІЗГЕ РОМАНТИКА ЖЕТІСПЕЙДІ!

Сіз бен Біздің балаларымыз теледидардан тамашалап жүрген «Қошқар мен теке» мультфильміндегі текенің «Бізге романтика жетіспейді» деген сөзіне ойланып қалдық.

Расында да, үй-жұмыс, жұмыс-үй деп жүріп романтикадан алыстап кеткенімізді де сезбей қалған сияқтымыз.

Романтика – арайлап атқан таң. Романтика – көтеріңкі көңіл күй. Хақим Абай «Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ» – дейді. Бейнелеп айтатын болсақ, жүрек – адам баласының «негізгі моторы». Жақсылықты

да, жамандықты да сүзгіден өткізетін жүрек қана. Нағыз романтика – отбасы сыйластығы мен пенденің өзін-өзі құрметтеуінен тұрады. Романтика дегеніміз мейірімділік. Толстой жер бетінде мейірім болмаған кезде қасіреттің де көбейетінін кейіпкерлері арқылы ашық айтып кеткен. Кешірім, мейірім, қайырымдылық бәсеңдеген кезде, қорқынышты, азапты, дертті дүниелер көбейеді. Мейірім – жаратылысты уыздай ұйытқан ең басты құндылық. Рухани байлық болмаған жерде қауіп-қатер көп. Әр отбасы күнделікті баласына, анасына, сүйген жарына жақсылық тілесе,

күйзеліс те болмас еді. Құс екең құстың өзі бір-біріне мейірім танытады. Пенде жаратылысында сабырсыз әрі қателік жасауға бейім тұрады. Өмір мен өлім арасындағы адам ғана тіршіліктің қадірін біледі. Сізге романтика керек пе? Ендеше кешірімді болыңыз, қайырымды іс атқарыңыз, достарыңызды, әріптестеріңізді, ағайындарыңызды қуанта біліңіз. Мейірімді болсаңыз, өзгені де мейірімге бөлейсіз. Махаббат бізге жайлылық пен жылу береді.

*Сарша Сүгірәлі, «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері*



## Бақыт – Өзіммін!

Бекерге емес мен өмірге келгенім, Менде өзімше Бақытымды іздедім, Жазда емес, қыста емес – көңілге, Көктемгі бір бақыт гүлін іздедім. Бақыт пе еді, сән-салтанат сәулетім, Ол да емес ау Бақыт пе екен дәулетім, Бақыт пе еді, төбемдегі жұлдыздар, Бәлкім күн бе, төккен бізге сәулесін. Бақыт-Бақыт мүмкін ол бір алданыш, Болатұғын өз-өзіме жұбаныш, Мүмкін Бақыт асу-асу шатқал ма? Жетер ме едім, сәйгүлікпен шапқанда. Әлде ол бір сағым болған елес пе... Жақындасам жоғалатын келмеске, Бақыт деген құс па келіп қонатын, Әжем айтқан ертегіде болатын. Бәлкім ол бір – өсіп тұрған жапырақ, Күз келгенде кететұғын қалтырап, Әлде ол бір кереметтей құдырет, Жете алмаған талпынсам да мың рет. Жо-жоқ білдім, білдім Бақыт не екенін, Бақыт деген – Менің Өзім екенмін! Бекерге емес мен өмірге келгенім Нағыз бақыт – Менің өзім екенмін!

*Рамила Аманжолова, Жаңаөзен қаласы*



ФОТОЭТЮД

Фото авторы: Марат Оразбаев, «Қаражанбасмұнай» АҚ Әлеуметтік жұмыс департаментінің аға маманы

### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке қойылып, № 6668-Г куәлігі берілген.

### Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй, 15 қабат, 1509 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

### Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmgep.kz  
Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmgep.kz  
Бибігүл Бөбекбай – Pdsdo@umg.kmgep.kz  
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz  
Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz  
Қосұйым Мұқашев – K\_Mukashhev@emg.kmgep.kz  
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmgep.kz  
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmgep.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: [munailymeken@kmgep.kz](mailto:munailymeken@kmgep.kz)

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17 тел.: +7 (7132) 21 19 30